

Түсіндірме іс шарасының хаттамасы

Атырау қаласы

03.04.2026 жыл

Өткен орны: ШЖҚ КМК «№7 Атырау қалалық емханасы» акт залы

Қатысқандар: басшылығы мен қызметкерлері (43 адам).

Күн тәртібі: Тақырыбы: «Қазақстан Республикасының Конституциясының 32-бабын түсіндіру.

Сөйлегендер:

1.Емхана директорының міндетін атқарушы Н.Умбеткалиева жаңадан реформа нәтижесінде қабылданған Ата Заңымыз бойынша тоқталып, Атырау облыстық Денсаулық сақтау басқармасының хатын таныстырып өтті.

Сөз кезегінде емхана заңгері А.Т.Кумарғалиева ҚР Конституциясының 32-бабы бойынша толықтай таныстырып, түсіндірді:

32-бап

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтауға құқығы бар. Бұл бап әрбір адамға өз денсаулығын қорғау құқығы берілгенін білдіреді. Яғни, мемлекет азаматтардың денсаулығына қамқор болып, оны сақтауға көмектеседі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары заңда белгіленген медициналық көмекті ақы төлемей алуға құқылы. Заңда көрсетілген негізгі медициналық қызметтерді азаматтар ақы төлемей ала алады. Мысалы, жедел көмек, балалар мен жүкті әйелдерге арналған қызметтер, жұқпалы ауруларға қарсы ем және т.б.

3. Мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен айналысатын тұлғалардан ақылы медициналық көмек алу заңда белгіленген негіздерде және көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Егер адам қосымша немесе арнайы қызмет алғысы келсе, мысалы жеке клиникада емделу немесе ерекше емшаралар, онда ол ақы төлеп медициналық көмек ала алады. Бірақ бұл да заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асады, яғни бәрі реттелген және заңға сай болады.

Қарапайым сөзбен айтқанда, әр адам өз денсаулығын сақтауға құқылы, мемлекет негізгі медициналық көмекті тегін береді, ал қосымша немесе жеке қызметтерді заңға сай ақы төлеу арқылы алуға болады.

Сөз соңында шараға қатысушы емхана қызметкерлерінің барлық сұрақтарына жауап берілді.

Директор міндетін атқарушы:  Н.А.Умбеткалиева

Хатшы:  А.Т.Кумарғалиева